





Б.Ж. Каримова^{*1} , **А.Ә. Рамазан²** ,
А.М. Жумагулова³ , **Ж.Б. Есенбек¹** 

¹Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

³Шәкәрім атындағы Семей университеті, Қазақстан, Семей қ.

*e-mail: sultan-3@mail.ru.

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ FACTCHECK.KZ ЖӘНЕ STOPFAKE.KZ ЖОБАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақала бүгінгі қазақ журналистикасындағы factcheck.kz және stopfake.kz жобаларының жұмысы мен өзіндік ерекшеліктерін салыстыра бағамдауға арналып отыр.

Кез-келген мәдени-ғылыми ақпараттың немесе шағын жаңалықтың рас, жалған екендігін фактчекинг арқылы анықтайды. Фактчекинг форматында жұмыс жасайтын алғашқы ресурстар өзге шет елдерде уақыт жағынан біршама алға шықты. Әрі басқа да елдерде фактчекинг ресурстардың өз ерекшеліктері мен бағыттары, сарапшылардың көзқарастары түрліше көрініс береді. Жалған ақпараттармен күрес, оның қауіптілігі жағдайында Қазақстан және әлем елдері бұл мәселеге қалай тойтарыс беріп отырғандығы бүгінгі қоғамдық ортада өзекті.

Зерттеу мақаланың мақсаты – ақпараттар ағымының қарқындылығы мен цифрлы технологиялардың ықпалында өте ауқымды жылдамдықта беріліп жатқан ақпараттарды тексерудің, сол арқылы заманауи әлемдік медиа ортадағы жалған дерекпен күресудің негізгі тетігі фактчекинг ресурстардың тиімділігі мен ерекшелігін көрсетуге бағытталды.

Мақаланы жазу барысында фактчекинг жұмыстарына талдау жасалынып, оның тарихы мен даму ерекшеліктеріне сұрыптау жасалынды. Шетелдердегі деректерді тексерудің әдістеріне салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді.

Жалған ақпараттардың өмірімізге дендеп енгені соншалық, ақпараттың жалған, шындығын ажырату қиынға соқты, осы тұста медиасауаттылықты арттыру шараларының ғылыми негіздемелері басшылыққа алынуы негізгі бағыттардың бірі. Қоғамдық пікірді қалыптастырушы журналист үшін шынайы ақпарат таратуда фактчекингтің басты құрал ретінде пайдаланылуының практикалық маңызы зор.

Адамдар шын ақпарат пен жалған ақпаратты ажырата алмаған жағдайда түрлі жағдайдағы түсінбеушіліктер орын алуы мүмкін, сондықтан factcheck.kz және stopfake.kz жобаларының қажеттілігі мен маңыздылығын ерекше түйіндеп айтуға болады. Factcheck.kz пен stopfake.kz/ kk/ жобаларының ақпаратты саралай білудегі тиімділігі мен қолданысын бағамдау арқылы осы бағыттағы іргелі ғылыми зерттеулерге жол ашылады.

Түйін сөздер: журналистика, factcheck.kz, stopfake.kz, жоба, фактчекинг, жалған ақпарат, шет ел, тиімділігі.

B.Zh. Karimova^{*1}, A.A. Ramazan², A.M. Zhumagulova³, Zh.B. Yessenbek¹

¹Ilyas Zhansugurov Zhetysu University, Kazakhstan, Taldykorgan

²al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

³Shakarim University, Kazakhstan, Semey

*e-mail: sultan-3@mail.ru.

Efficiency and features of projects: factcheck.kz and stopfake.kz in Kazakh journalism

The article is devoted to comparing and evaluating the work and peculiarities of the factcheck.kz and stopfake.kz projects in today's Kazakh journalism.

Fact checking determines whether any cultural-scientific information or small news are true or false. In other countries, fact-checking resources have their own features and directions, and the opinions of experts are different. The struggle with false information, how Kazakhstan and the countries of the world are responding to this problem in the face of its danger is relevant in today's public communication field.

The purpose of the research article is to show the effectiveness and specificity of fact-checking resources, the main mechanism of combating false information in the modern world media environment,

to verify information transmitted at a very large speed under the influence of the intensity of the flow of information and digital technologies.

During the writing of the article, fact-checking work was analyzed, and its history and development features were summarized. A comparative analysis of the methods of data verification abroad was carried out.

False information has entered our lives so quickly that it has become difficult to distinguish false from true information.

Misunderstandings in various situations may occur if people cannot distinguish false from true information, so the necessity and importance of the factcheck.kz and stopfake.kz projects can be summarized. Evaluating the effectiveness and use of the factcheck.kz and stopfake.kz projects in information differentiation will open the way for fundamental scientific research in this direction.

Key words: journalism, factcheck.kz, stopfake.kz, project, fact-checking, false information, foreign country, efficiency.

Б.Ж. Каримова*¹, А.А. Рамазан², А.М. Жумагулова³, Ж.Б. Есенбек¹

¹Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Казахстан, г. Талдыкурган

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

³Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан, г. Семей

*e-mail: sultan-3@mail.ru.

Эффективность и особенности проектов factcheck.kz и stopfake.kz в казахской журналистике

Статья посвящена комплексному исследованию проектов factcheck.kz и stopfake.kz в современной казахстанской журналистике.

Распространение фейковой информации в современной жизни становится привычным явлением, что затрудняет отличие правдивой информации от ложной. В связи с этим актуализируется использование научных методов для повышения медиаграмотности. Эффективным инструментом определения достоверной информации является фактчекинг, который признан необходимой составляющей профессиональной компетентности современных журналистов, формирующих общественное мнение.

Фактчекинг – процесс проверки правдивости культурно-научной информации и новостей. Первые ресурсы, работающие в формате фактчекинга, появились за рубежом, и уже имели свои правила и методы контроля данных. Сегодня борьба с ложной информацией представляется актуальной проблемой, на которую реагируют Казахстан и другие страны мира.

Цель данного исследования заключается в показе эффективности и специфики фактчекинг-ресурсов, основного механизма борьбы с ложной информацией в глобальной медиасреде с учетом интенсивности современного информационного пространства и влияния цифровых технологий. В ходе написания данной статьи были проанализированы история и особенности развития фактчекинг-работы, проведен сравнительный анализ методов проверки данных в Казахстане и за рубежом.

В ситуациях, когда люди не могут отличить правдивую информацию от ложной, могут возникнуть недоразумения, поэтому оценка эффективности и использования проектов factcheck.kz и stopfake.kz в дифференциации информации может служить основой для фундаментальных научных исследований в данном направлении.

Ключевые слова: журналистика, factcheck.kz и stopfake.kz, проект, фактчекинг, ложная информация, зарубежье, эффективность.

Кіріспе

«Фейк» – ағылшын сөзі, «fake» – жалған, өтірік ақпарат деген мағынаны білдіреді. «Фейк» сөзі кейінгі жылдары ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде таратылған хабарламаның жалған екендігін екендігін хабарлайды. Қысқаша айтқанда, түрлі ашық хабарлама түріндегі жалған ақпарат. Жалған ақпаратты анықтау құралы ретінде ұсынатын тексеру амалдарын «фактчекинг» ұғымы береді. Жалған ақпаратты

жоққа шығару оңай. Оны түрлі амалдар арқылы тексеруге болады.

«Фейк» термині ақпарат саласында ХІХ ғасырдан бастап қолданысқа ие болды. Ал «фактчекинг» термині ХХ ғасырдан деректану, тарихи ақпараттың шынайылығын тексеретін пән ретінде бастау алған. Әсіресе тарихшылар, журналистер, әдебиетшілер үшін тарихи дереккөздің ақиқат немесе жалған екенін анықтау мәселесі көпті қызықтырып келгені анық. Сол олқылықтың орнын толтыру үшін тек-

серу құралдарының бірі ретінде іске қосылғаны белгілі.

Журналистикада кез-келген ақпараттың деректілігі маңызға ие. Бұл нақты жағдай, «дерек» сөзі пікірді немесе оқиғаны сипаттау үшін қолданылады. Қолдануда «дәлденген дерек», «дәлелденбеген дерек», «деректер жоққа шығарылды» деген сөз тіркестері қолданылады. Кез-келген материалды өңдеуде, әсіресе, зерттеу, талдау, сараптамалық материалдарды әзірлеуде журналистикадағы деректің маңызы зор. Белгілі бір деректердің көмегімен журналист (әсіресе факт-контроллер) оқиғаның қалай өтетінін анықтай алады, бұл қазіргі оқиғаның үлкен әлеуметтік мәселеге тікелей қатысы бар екенін көрсетеді. Сондықтан журналистикадағы дерек болған оқиғаның шынайы көрінісі болып табылады.

Кейде «фейк-ақпарат» жалған нақты ақпаратқа көлеңке түсіру мақсатында шығуы мүмкін немесе ол белгілі бір белсенді топтың, блогердің әлеуметтік желілерде жазған жеке пікірі мен ұсынысы ретінде жариялануы мүмкін. Мақсаты – жалған деректерге салмақ беру, оларды әртүрлі ақпараттық арналарға беру арқылы мүмкіндігінше көп аудиторияға таралғанын көздейді.

Фейк сөзімен мағыналас, мөндес «FactOID» сөзі қолданысқа енуде. Жалпы мағынасы бойынша «жалғанның жақындауы» деген ұғымды білдіреді. Ағылшын тілінен аударылған сөзбе сөз мағынасы (fact – дерек және OID сөзі EIDOS түрінен шыққан) ресми жарияланған хабарлама тек көпшілікке ұсынылған кезде ғана «шынайы» болады деген мағынада. Шын мәнінде, дәлдік шындық емес, бірақ белгілі бір жағдайларда шынайы болуға және шынайы ақпарат ретінде түсіндірілетін хабарлама. Бір қарағанда, фактоид құрылым мен түпнұсқалық тұрғысынан жалғанға ұқсас. Әйтпесе, бұл қисынсыз «дерек», сондықтан дереу жалған деп түсіндіріледі. Сонымен қатар, бірінші және екінші жағдайларда фактоидтар нақты бағыт пен мақсатқа ие. «Шындықтың» бірінші түрі белгілі бір оқиғаларға немесе белгілі бір ақпаратты қалыптастырған пікірлерге әсер ету арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде бәсекелестер бір-біріне фактоид жасауда еш тайынбайды. Нәтижесінде қоғамдағы пікір сайыстар, дау-дамай мен жанжалдар туындайды. Екіншіден, «FactOID» жасау «ақпараттық шу» тудыру қолдан, арнайы жасалатыны мәлім. Әсі-

ресе танымал тұлғалардың мәлімдемесінде фактоид жиі орын алады.

Жалған ақпарат – ақпараттың ерекше түрі. Фактілерді ішінара бұрмалау, ақпараттың бір бөлігін жасыру, ерекше түрде хабарламаға қойылған екіпін сынды жасалған ақпараттар шындықтың дұрыс емес бейнесін жасайды.

Адамдар жалған хабарламалар мен ақпараттарды төмендегідей баламалы ақпарат құралдарынан ақпарат ала алады:

1. Әлеуметтік желілерден;
2. мессенджерлердегі чаттардан;
3. әлеуметтік желілердегі тікелей бейнехабарлардан;
4. мәтіндік хабарламалардан;
5. электронды поштадан;
6. меншікті БАҚ және компаниялардың, саясаткерлердің, қауымдастардың веб-сайттарынан.

Көп жағдайда ақпарат неғұрлым маңызды болса, соғұрлым онымен байланысты жалған деректер пайда болады. Ақпараттың сенімділігін тексеру дегенді білдіретін «факт-чекинг» шетелдік термині ғылыми әдебиеттерде де өте жиі қолданылады. Бұл жаңа технологиялардың, дәстүрлі БАҚ-тың ғана емес, жалған ақпарат тарататын блогтар мен сайттардың болуымен байланысты. Яғни, интернет пен әлеуметтік желілер жалған ақпарат жасау мен тарату тәсілін алып келді. Интернет пайда болғанға дейінгі уақытта адамдар барлық ақпараттарды бұқаралық ақпарат құралдарынан алатын. Сондықтан БАҚ қызметкерлерінен кәсіби этика талаптарын қатаң сақтауды талап етті. Кәсіби маман, мәселен, журналист немесе осы саладағы PR маман үшін шынайы ақпаратты жалған ақпараттан ажырату маңызды.

Алайда, адамдар соңғы жылдары ақпараттың шынайылығына күмәнмен қарай бастағаны белгілі. Мәселен, халықаралық зерттеу агентігінің мәліметінше, 2020-2021 жылдары дүниежүзінде бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенім 8% төмендегенін көрсетеді (<https://www.inform.kz/kz/feyk-akparat-otandyk-zhane-alemdik-tazhiribemediasauattylykty-arttyru-men-zhazalau-sharalary>).

Танымал тұлғалардың мәлімдемелері мен сөйлеген сөздері әлемдік деңгейде фактчекерлердің назарына жиі ұшырайды. Оның негізгі себептерін төмендегідей анықтап, талдап көрсетсек:

– заманауи деректер кеңістігі қандайда бір мәселе бойынша пікірді жариялай отырып үлкен қоғамдық пікір қалыптастыруға қолайлы алаң;

- ақпараттық арнаның саны мен жылдамдығының көп мөлшерде болуы;
- халықтың барлық бөлігіне арналған хабарламаларды түрлі тәсілдер арқылы ақпаратты түрлі деңгейде таратуға мүмкіндік береді;
- бақыланбайтын жеткізу құралдары арқылы бейтарап мәлімдемелер таратылады, олар ақпараттық соғыстарға қарсы тұруға, деректер шабуылын тоқтата алмауына дәрменсіз болуына байланысты;
- әлеуметтік шиеленістің көптігінен өмір сүру стереотиіпіне қарсы келе алмауы;
- қажетсіз ақпарат деп көп хабарламаларға назар аудармау салдарынан тосыннан келген, естіген хабарламаларына қалтықсыз сенім арту;
- көпшілік алданда сөйлегенде танымал адамдар құлаққа жағымды, сезімге әсер ететін сөз тіркестерін жиі қолданады;
- «қызықты» деректерді ақпараттық соғысқа апаратын «қызықты» деректермен таныстыру үрдісі басым болады (Гороховский, 2017:15).

Материал және әдістер

Фактчекинг форматында жұмыс істейтін алғашқы платформалар шамамен 30 жыл бұрын пайда болды, қазір олардың саны бүкіл әлемде жүзден асады. Кеш дамыса да Латын Америкасында, Африкада және Батыс Еуропада өздерінің фактчекинг платформаларымен тексеріс жүргізіп отыр. Фактчекинг көздерінің ең үлкен желісі АҚШ-та жұмыс істеп отыр, олардың жалпы саны 70-тен астам. Шығыс Еуропада фактчекинг Чехияда, Литва мен Польша мемлекеттерінде кешенді дамуда. Бұл елдердің басқалардан ерекшелігі көбіне саяси мәселелерді тексеруді жөн санайды. Фактчек бағытында жұмыс істейтін платформалар Грузияда 2014 жылдан, Украинада 2015 жылдан бастап тұрақты тұтынушылары бар. «Ұлттық бірегейліктің» мысалы ретінде Чехиядағы Demagog.cz факт-чек ресурсының жұмыс істеуде өзіндік ерекшеліктері табылады. Қазіргі уақытта факт-чек тұжырымдамасы Украинада үш кезеңдік тәртіппен тексеріледі (Гороховский, 2017:11).

Дегенмен, әр елдегі фактчекинг-ресурстарының өзіндік ерекшеліктері, түрлі бағыттарымен жұмыс істеуі көрініс береді. Бұл әр ел сарапшыларының көзқарастары арқылы да дараланады.

Халықаралық фактілерді тексеру желісінің (the International Fact-Checking Network, IFCN, the Poynter Institute) негізгі қызметі фактчекинг

болып табылатын жобалар үшін орындалуы тиіс талаптарды көрсетеді. Ол талаптар төмендегідей:

- барлық материал тексерілуі, яғни, мәлімдемелердің контексті толық ескерілуі керек;
- сәйкестік/ сәйкессіздік туралы қорытынды анық, бір мәнді түрде тұжырымдалуы мен қорытындының негіздемесі көрсетілуі маңызды;
- қаржыландыру көздері туралы ақпарат беру, яғни, зерттеудің объективтілігіне әсер етуі мүмкін нәрсені көрсету қажет.

Сонымен қатар авторлар жеңіл баяндау стилін қолдану мен аудиторияға немқұрайлы көзқарас танытпауға кеңес береді (Elizabeth, Mantzarlis, 2020).

Еуропа зерттеушілері ақпаратты анықтауда төрт негізгі белгілерді көрсетеді: Ол шығу тегі (мазмұнның түпнұсқалылығы), дереккөз (жүктелгені), күні (қашан жасалған), орналасқан жері. Шетелдік фактчекинг ресурстар қолданысы мен жұмысы тұрасында зерттеу еңбектер мен тәжірибиелік материалдардан бағамдауға болады.

Америка Құрама Штатында 2003 жылы «factcheck.org» жобасы алғаш рет тәжірибеден өткізіледі. Сұраныстың көптігінен бұл жобаның жалғасы ретінде жұмыс істеген «Politifact» жобасы Пулитцер сыйлығын иеленеді. Мұндай марапат алу фактчекинг тәжірибесінің журналистиканың маңызды бағыттарының бірі екенін ресми мойындауды білдіреді. Сонымен, Америка Құрама Штаттарында 2003 жылдан басталған саяси мәлімдемелерді зерттейтін, тексеру жобаларының саны күрт өскен. Бұл үрдіс уақыт өте келе азайған жоқ. Керісінше жылдан жылға қарқынды дамығанын мына деректерден айқын аңғаруға болады. Айталық, 2004 жылы мұндай белсенді жобалардың саны 44 болса, бір жылдан кейін фактчекинг ұйымдарының саны 64 болған. 2006 жылы Билл Адаир және Марк Стенцелдің «Duke census» есебі бойынша жалпы саны 96 жоба жұмыс істеген. Қазір бұл сан бірнеше еселенген. 2015 жылдың қыркүйегінде факт-чекинг жобаларының қызметін бақылау және қолдау үшін «IFCN» халықаралық факт-тексеру желісінің алаңы құрылды. Аз уақыттың ішінде «IFCN» халықаралық факт-тексеру алаңы тез арада факт-чекинг қоғамдастығының нәтежиелі жұмысын көрсетіп, фактчекинг идеясын халықаралық деңгейге көтерді (Гороховский, 2017:20).

Ал Қазақстанда фактчекинг форматында жұмыс жасайтын ресурстар қатарына Factcheck.kz пен Stopfake.kz сайты атай аламыз. Аталмыш жобалар қолданысқа енген уақыттан ба-

стап қарқынды, нәтижелі жұмыстар атқарып отырғандығын бағамдауға болады.

Factcheck.kz. жобасы Қазақстандағы медиамәтін деңгейін көтеру тұжырымдамасын ұсынады. Жобаның мақсаты – жалған ақпаратпен, ақпараттық манипуляциямен, жалған жаңалықтармен күресу. Сенімділік үшін әлеуметтік маңызы бар және резонанс тудыратын жаңалықтарды, фактілерді, цифрларды, сондай-ақ қоғам қайраткерлерінің мәлімдемелерін тұрақты бақылау мен тексеру жүргізіп отыру міндетін қояды. Редакциялық алқа ақпараттың өтірік-шындық, жартылай шындық, айла, дәлелдемелерді ұсыну т.б. арқылы шешімін шығарады (<https://factcheck.kz/>)

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен қолданысқа енген «**Stopfake.kz**» сайты қазақстандық тексеру жобаларының бірі. Жобаның басты мақсаты әлеуметтік желіде жалған ақпараттың таралуын тоқтату және адамдарды шатастырмауды көздейді. Жоба негізінен хабарламаларды сәйкестендірумен және дұрыс емес, жалған ақпараттарды іздестіріп, тексеру, анықтау жұмыстарын жүргізеді. Желілердегі жарияланымдарда немесе мәлімдемелер мен хабарламалардағы есімі аталған адамдар жайлы анықтама жасайды. Ол адамдардың қандай резонанс тудырғанын, оқырмандардың мұны қалай қабылдағаны көрсетіледі. Даулы деген ақпараттар дәлелденіп, салыстамалар мен растаулар жасалады. Тек қана деректерді ғана анықтап қоймай, сайт тұтынушылары ұсынған фото суреттер мен бейне материалдардың анық, нақтылығын тексеруге мүмкіндігі бар. Сайт өз жұмысының негізгі мақсаты – ұсынылған өнімдердің барлығын арнайы сараптамалық бақылауды ұстай отырып, ресми түрде түсініктемелермен беріп, деректерді анықтау деп түсіндірді. Тексеруде тез, әрі сапалы жүргізу фейкпен күресудің нақты жолы деп баға береді (<https://stopfake.kz/kk/>).

Бүгінгі медиапрактикада фейктердің келесі түрлері көрсетіліп жүр:

– жалған фотосуреттер (кескінді түзету мен кескінді жақсартуға арналған арнайы компьютерлік бағдарламаларда өңделген);

– ертерек түсірілген немесе пайдаланылған кадрлардан өңделген бейнелер;

– типтік бейнедегі, иллюстрация арқылы берілген кез келген жалған жаңалықтар;

– парақша иесінің фотосуретін пайдалана отырып басқа адамдардың атынан жасалған әлеуметтік желілердегі жеке беттер;

– жалған twitter аккаунттары (Ильченко, 2016:45)

Зерттеушілер фейк жаңалықтармен күресудің тиімді тәсілі медиасауаттылық бағдарламалары екендігін атап көрсетеді. Сол орайда көптеген шет елдер мен Қазақстанда да медиасауаттылықты арттыру бағытындағы жоспарлы жұмыстар жолға қойылып отыр. Шетелдік тәжірибеде тіптен мектеп бағдарламасына да медиасауаттылық міндетті пән ретінде енгізілген. Бұл мәселе Қазақстанда да алдағы уақыттың еншісіндегі жоспарланған шаралар қатарынан орын алып отыр.

Бүгінде кез келген ақпарат қолжетімді. Ақпарат алудың қолайлылығымен қатар берілген жалған ақпараттың салдары қауіпке алып келуі де мүмкін. Сондықтан медиасауаттылық елдің ұлттық қауіпсіздігі мәселесімен де тікелей қатысты болып отыр. Себебі, берілген жалған ақпарат адамның құқығына, жеке психологиясына, қауіпсіздігіне ықпал етеді. Сарапшылардың көпшілігі жалған шабуылдарға қарсы тұру үшін адамның медиасауаттылығын, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, фактчекінгті қолдану қажеттігін ескертеді.

Жалған ақпараттармен жұмыс жүргізуде сыни тұрғыдан ойлаудың да маңыздылығы көрсетіліп жүр. Жалпы ғылымда сыни тұрғыдан ойлау терминіне былайша анықтама береді: «Сыни ойлау – ойлаудың ерекше бір түрі болып, фактілерді анализдеу арқылы тұжырым қалыптастыру» (<https://kk.wikipedia.org/wiki/>)

Американдық философиялық мектептің өкілі ретінде Роберт Х.Эннис сыни ойлауды не нәрсеге сену керектігін немесе қалай әрекет ету керектігін шешуге бағытталған ақылға қонымды рефлекциялық ойлау деп түсіндіреді (Brooks, 2020:32)

Сыни тұрғыдан ойлау ақпаратты қабылдаудан басталып, шешімі қабылдаумен аяқталатын ойлаудың күрделі процесі болып табылады.

Зерттеулер көрсеткендей, сыни ойлау келесі жағдайларда жүзеге асады:

1. Кез-келген өзекті мәселелерді шешуде өмірлір, кәсіби тәжірибе тұрғысынан шеше білсеңіз;

2. Кездескен оқыс жағдайды немесе ақпаратты алғаш алғанда оны шешуді өзгенің көмегінсіз басқара алсаңыз;

3. Кездескен сұраққа өзіндік пікір білдіріп немесе тәуелсіз пікір қалдыра алсаңыз;

4. Ұжымдық, топтық, командалық жұмыста өзіндік пікір айта алсаңыз;

5. Ойды ашық айтып, пікіріңізде тұра білсеңіз;

6. Өзекті мәселелерді талқылағанда ешкімнің ой-пікірін қайталамасаңыз;

7. Шешім шығарған кезде өзге әріптестердің пікірін құрметтей біліп, пікірмен санаса алсаңыз (<https://kazbilim.kz/?p=3799>).

Демек, медиакөңістіктегі жалған ақпараттарды саралай білуде сыни тұрғыдан ойлау мен саралудың маңыздылығы зор.

Тұтынушы сараптамалық ақпаратты жақсы түсіну үшін кең қолданыстағы маңызды құрал – визуализация әдісі. Бұл кесте, диаграмма, карта, график, инфографика, тизерлік кескінідеме арқылы ақпаратты жетік меңгеруге мол мүмкіндік бар. Бұл әдіс арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:

– Әртүрлі статистикалық ақпарат жүйелі форматта жарияланады;

– тұтынушы талданатын сұрақтың динамикасын көреді;

– тұтынушы бір-бірімен байланысы жоқ ақпараттар пен оқиғалардың өзара байланысын көреді;

– жақсырақ түсіну үшін әртүрлі өлшемдер мен салыстырулар ұсынылады;

– құбылыстар, оқиғалар, деректердің мазмұны өзекті және өткір болу үшін дараланады. Дегенмен, әрбір кесте, график немесе диаграмма түсініктемені қажет етеді (Гороховский, 2017:25).

Білім беру бағдарламаларының талаптарына сай «журналистика» саласы бойынша ақпаратты жинау, тексеру және өңдеу технологияларына арналған жобалардың бірегейі ретінде танылған фактчекинг жобасы – болашақ журналистердің логикалық мәдениетін қалыптастыру құралы. Сондықтан бұл әдіс-тәсілдерді үйрете отырып, деректерді тексеру, жалғандығын анықтау және жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеулер жүргізуге тиімді әдіс болып табылады.

Ұсынылған ақпараттағы дәлелдер көзі тек ашық деректер көзінен алынған. Материалға қажетті дәлелдер мен мәліметтерді жинау, зерттеу процессі, осының барлығы дәлелдеменің жалпы түсінігіне жатады. Дәлелдер ең алдымен дәлелдерге, деректерге, құжаттарға және кәсіби пікірге негізделген шындықты белгілейтін логикалық әрекеті болып табылады. Басқа пікірдің дұрыстығы (мәлімдеменің тұжырымы) басқа нақты тұжырымдарға (деректер мен құжаттар, статистикалық мәліметтер) негізделген

бірқатар логикалық әдістер тізбегіне негізделген. Пікірдің растығына күмәнданған кезде оны тексеру қажет болады. Фактчекинг жағдайында журналист алынған деректі растап алу керек немесе егер бұл сөзсіз дұрыс пікір болмаса, мәлімдемені шындық деп қабылдамауы керек. Бұл шарт орындалғаннан кейін дәлелдемелерді жинауды бастау керек.

Жалпы логика сияқты, фактчекинг дәлелдердің екі түрін пайдаланады: тікелей және жанама. Оларға берілген анықтамада: Тікелей дәлел – дәлелдемелерді зерттеп, осы тезистің дәлелінің ақиқаттығын (жалғандығын) дәлелдей бастайды. Әдетте, статистикалық мәліметтер тікелей дәлелдемелер, әртүрлі құжаттар мен мемлекеттік мекемелерден ресми жауаптар үшін пайдаланылады. Жанама дәлелдемелерді пайдалана отырып, мәлімдеменің ақиқаттығын (жалғандығын) дәлелдеу үшін мәлімдеменің күмәнділігін дәлелдеу әдісі қолданылады. Бұл әдіс тікелей дәлелдемелерді алу мүмкін болмаған жағдайларда қолданылады (Гороховский, 2017:29).

Фактчекинг тексерісінде танымал, ең көп тараған әдістер – талдау, басқа дерекпен салыстыру, суреттердің нақтылығын зерделеу. Соның ішінде өте жиі қолданылатын әдіс басқа деректермен салыстыру әдісі. Салыстыру зерттеу әдісі, белгілі бір құбылысты немесе деректерді зерттеу барысында осы құбылысты немесе мәліметтерді бұрынғы өткен басқа құбылыстармен және деректермен салыстыру нәтижесінде зерттеліп, анықталады. Салыстыру арқылы зерттелетін деректердің сипаттамаларын, өзгеретін тұстарын, күшті жақтарын, тенденцияларын және заңдылығын анықтауға болады. Классикалық журналистика зерттеулеріне негізделген салыстыру тәсіл арқылы құжаттар мен статистикалық дереккөздермен салыстырады.

Алдымен бірнеше ұқсас, мазмұндас құжаттардың деректері салыстырылады. Келесі деректердің шығу күні, тараған уақыты, таралым аумағы, фото деректер арнайы сараптамадан өткізіліп, құжаттардағы мәліметтермен салыстырылды. Статистикалық мәліметтерде берілген есеп-кисап, сандық деректердің түпнұсқалық негізін табу, флеш-талдау арқылы мазмұнына сараптама жасау жүргізіледі. Статистикалық деректер үшін ол есептерді жарияланған деректермен және тек бастапқы деректермен салыстыру басты міндет болып табылады.

Әдебиетке шолу

Бүгінгі уақытта шетелдік және отандық зерттеулерде жалған ақпараттармен күрес жүргізу бағытында атқарылып жатқан шаралар қатары көптеп орын алатынын байқауға болады. Олардың қатарын жекелеген зерттеу еңбектер мен тәжірбиелік материалдар құрап отыр.

Қазіргі әлемдегі фактчекингке жаңа технологиялардың ықпалы, аудио мен бейне жазбаларды басқару технологиялары (Diakopoulos, 2014) жалған медиа мәтіндерді анықтау мәселесі, С.Н. Ильченко (Ильченко, 2019:320), Н.Ф. Пономарев (Пonomарев, 2019:54), С.С. Распопов (Распопов, 2018:112), И.А. Стернин, А.М. Шестерина (Стернин, Шестерина, 2020:36) сынды зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Аталған зерттеу еңбектерде мәтіндік құжаттарды, дәстүрлі және онлайн БАҚ-тағы жарияланымдарды талдау, бейнематериалдар қолданысы сөз етіледі. Ақпараттарды тексерудің тәсілдері (Корнев, 2015:54), медиа дамудағы негізгі трендтер (Минюшева: 2016:33), бүгінгі медиакеңістіктегі фейк жаңалықтар (Суходлов, Бычкова, 2017:143) зерттеу нысанына алынып отыр.

Аудиовизуалды медиа-контент соңғы уақытта аудиторияның сұранысына ие болды. Мәтіндік ақпараттан айырмашылығы – аудиовизуалды жұмыс сыни қабылдауға бейім.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі әлемдегі журналистикада журналистің кәсіби қызметінің міндетті белгілері объективтілік, бейтараптық, тәуелсіздік және этикалық нормаларды сақтау болып табылады. Кәсіби қызмет нәтижелері дәлдікке, анықтыққа, шындыққа және қолжетімдікке қойылатын талаптардан кем емес. Жоғарыда атап өткен, Қазақстанда бүгінгі таңда жалған ақпараттармен жұмыс жасау бағытындағы жобалардың тиімділігі мен өзіндік мүмкіндіктері де жоғары екендігі байқалып отыр.

Factcheck.kz. – тәуелсіз жоба. Объективтілік пен бейтараптылық негізгі міндеті ретінде танылады. Тексеру нысандары тек фактілер болып табылады. Бірақ пайымдау мен болжамдар жасауға жол берілмейді. Жоба қазақ және орыс тілінде қос тілде жұмыс жүргізеді. Ақпараттың сенімділігіне ұмтылу негізінде көптілді аудиторияны біріктіру болды. **Factcheck.kz.** жобасының командасы – Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі алғашқы фактчекинг ресурсын

іске қосуды ұйғарған, әлеуметтік, экономика, мәдениет, саясат т.б. салалардағы мәселелерді көтеретін тәжірбиелі кәсіби журналистерден құралған. Фактчекинг ресурсының пайда болуы аудиторияға сенімді дереккөзбен тексерілген ақпаратты алуы мүмкіндік береді. Әрі аудиторияның сенімді ақпарат алуына ынталандырады. Жоба халықаралық фактілерді тексеру желісінің қағидаларына назар аударады. Жоба жұмысы ашық және әділдік міндеттемесін қояды. Ақпараттармен жұмыс барысында екінші тараптың субъективті пікірі назарға алынбайды. Дегенмен, кез-келген оқырман, журналистер, блогерлер, сарапшылар «кері байланыс» тетігін басу арқылы өз ұсыныстарын, ескерту мен пікірлерін жаза алады. Жоба командасы үнемі аудиториясы мен диалог орнатуға, ынтымақтастыққа дайын екендіктерін айтады.

Factcheck.kz пайдаланатын әдістеме халықаралық стандарттар мен фактчекинг құралдарына негізделген. Мұнда фактілерді тексеру үшін тек ашық дереккөздер пайдаланылады. Шындыққа негіздей отырып, соңғы шешімін дәлелдермен қатар сайтқа орналастырады. Кез келген тұлға тексеру үшін фактіні, сондай-ақ тексеру әдістемесінің өз нұсқасын, дәлелдемелік базаны ұсына отырып жобаға бірлесіп қатыса алады. Тексеру әдістемесін, дәлелдеу көздерін таңдау құқығын өзіне қалдырады. Даулы жағдайлар туындағанда **Factcheck.kz** қарсы дәлелдерді, сондай-ақ үкімді қайта тексеру үшін сараптамалық жұмыс тобын құру мүмкіндігін қарастыруға дайын. Сондай-ақ, біржақты үкім шығару қиынға соғатын, жеке істер бойынша жұмыс сараптама тобын құра алады. Жоба Қазақстанның заңнамасына, халықаралық заңнамаға, құндылықтарға, этикалық стандарттарға бағытталады.

Factcheck.kz жобасы алғаш құрылған алғашқы 8 айдың ішінде (2017 жыл) фактчек статистикасын ұсынды. 99 материалды тексеріп, оның 34-ін шындыққа жанаспайтын материал деп табады. Онда: жалған,фейк- 34,3 %, шындық – 20,2 %, жартылай шындық – 18,2%, манипуляция-18,2%, мифтер -6,1 %, үкім жоқ -3% (<https://factcheck.kz/>).

Статистика мәліметтері көрсеткендей жалған ақпараттар басымдылық танытқан. **Factcheck.kz** жоба авторлары бейтараптық қағидасын сақтау мақсатында бір мезгілде саяси партиялардың мүшесі бола алмайды, әрі мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істей алмайды. Сондай-ақ, мүдделер қақтығысын болдырмау үшін автор-

лар өздері жұмыс істейтін ұйымдар туралы жаза алмайды. Айдарлары: фактілер, БАҚ материалдарында және блоктарда таратылатын нақты шағымдарды тексеру (<https://factcheck.kz/>).

Factcheck.kz жобасында 2022 жылы ең көп оқылған материалдардың алғашқы 10 тобына кіретіндер көрсеткішін шығарған. Оның көрінісі: «2022 жыл тек қазақстандықтар үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін күрделі сілкіністер уақыты болды. «Қанды қаңтар» оқиғасынан басталып, ұғынуға тырысып жатқанда Ресейдің Украинаға шабуылы мен мыңдаған адамдардың өліміне әкелген және бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан қақтығыс туралы ақпараттар болды. Одан кейін Әзірбайжан мен Армения, Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы қарулы қақтығыстар болды». Бағамдағанда, ең көп оқылған фактчекинг оқиғаларының басым көпшілігі Украинадағы соғысқа қатысты болды. Сайтта өткен жалдары жарияланған материалдар рейтингпен алынып тасталды, ал кейбіреуі қаралуы бойынша биылғы кейбір материалдардан алға шығып келеді» – делінген (<https://factcheck.kz/glavnoe/top-10-samyx-chitaemyx-materialov-factcheck-kz-2022-goda/>).

Жалған ақпараттармен жұмыс жүргізуде Factcheck.kz ресурсымен өзара тең дәрежеде танылып отырған Stopfake.kz сайты. Сайт Fake News, конспирология (дәлелсіз), медициналық фейктер, фейк аккаунттар, сұқбат, сайлау сияқты айдарлар бойынша жұмыс істейді.

2021 жылы құрылған Stopfake.kz сайты оқырман аудиториясының медиасауаттылығын арттыру бойынша жұмыстар атқарып, жалған хабарламаларды жоққа шығарып отырады. Сайт жұмысы туралы материалдарда сайт жұмыс жасаған бір жарым жыл ішінде 2000 -ға жуық фейктер теріске шығарылғаны айтылады. Сайтта әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің тұрақты мониторингі жүргізіліп отырады. Ресурста сараптамалық сұқбаттар, белгілі бір хабарламалар ғылыми тұрғыдан сарапталады. Жоба «медиаға арналған медиа» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Әр күн сайын сайт материалдарын Қазақстанның ірі басылымдары мен шетелдік ақпараттық ресурстар қолданады (<https://stopfake.kz/kk/>).

Еліміздегі аталған ресурстардан өзге де шетелдік тәжірбиелердегі көрініс бағамдасақ. Мәселен, 2017 жылы ағылшын тіліндегі «Collins» сөздігінде ең жиі қолданыстағы (жыл сөзі) «фейк ақпарат» тіркесінің болғандығын атап өтеді (Collins Dictionary:2017:21).

Нидерланд журналистерінің этика кодексінде теледидар тілшілерінің жұмыс турасында (De Code van de Raad voor de Journalistiek) бекітілген қағидалар анықталды. Оны соңғы рет 2018 жылы журналистер кеңесі жаңартқан (URL:<http://www.rvdj.be/sites/default/files/pdf/journalistieke-code.pdf>).

Осы аталған журналистер жұмысының негізгі қағидалары қатарында материалды жасау кезіндегі объектілік, бейтараптық, нақтылық атап көрсетіледі. Бұл қағидалар деректерді тексеру мен фактчекинг процесінде жүзеге асырылады (URL: <https://www.rvdj.nl/>).

Франция, Швецияда елдерінде фейк ақпаратпен күресетін арнайы агенттік құрылған. Франция 2018 жылы фейк ақпараттың алдын алу үшін оған қарсы екі заң қабылдайды. Озбекстанда да Қылмыстық кодекске жалған ақпарат таратуға қатысты жаңа бап енгізілген. Германия 2018 жылы Facebook, Twitter сияқты әлеуметтік медиа компанияларына желілеріндегі жек көрушілік не өшпенділік бағытында жазылған пост не сөздерді тез арада жою туралы заң қабылдайды (https://www.inform.kz/kz/feyk-akparat-otandyk-zhane-alemdik-tazhiribe-mediasauattylykty-arttyrumen-zhazalau-sharalary_a3896221).

Америка Құрама Штатындағы фактчекинг орталықтары басылымдар арасында жоғары сенімге ие. Себебі: фактчекинг тексерісінен өткен материалдар қоғамда екіұшты пайым бермейді, күмән тудырмайды, сондықтан оларға сеніммен қарайды. Тексерілген материалдарға арнайы сілтемелер жасалынып, дереккөздер нақты тексерістен өткізіледі.

Біздің арнайы зерттеуіміздің нысанына айналған фактчекинг қызметі дүние жүзінде жалған ақпаратпен күресінің жолдарын үнемі дамытып келеді. Ол бүгінгі жаһандық медиа ортада жалған ақпаратпен күресудің, деректерді тексерудің ең маңызды әдісі болып табылады.

Қорытынды

Демек, жалған ақпарат – шындыққа сәйкес келмейтін, бірақ шынайы дереккөз ретінде ұсынылып, жұртшылықты адастыратын ақпарат. Бірінші жағдайда таратушы ұсынылған материалда жалған ақпараттың бар екенін білмеуі мүмкін, ал екінші жағдайда ол жалған ақпараттың бар екенін біліп, бірақ ол ақпаратқа тұтынушының назар аудару үшін пайдаланады.

Неліктен жалған ақпарат қоғамға қауіпті, оны қалай анықтауға болады, жалған ақпаратпен

күрестің түрлері қандай, медиасауаттылықты арттыру үшін қандай жұмыстар атқарылуы тиіс деген сұрақтар тек Қазақстанда ғана емес шетелдерде де күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Әсіресе маңызды шешімдер мен қоғамда талқыланып жатқан мәселелер төңірегінде сөз болғанда көпшілік ағымдағы ақпараттарға сүйенеді. Ол ақпараттың шынайылығын білу үшін ақпараттық сауаттылық пен медиасауаттылықтың маңызы зор. Ақпараттарды сенімді деректер көздерден алу әдістері мен ақпараттың анықтығын тексеру жолдарын да білген абзал. Егер қоғамда нақты ақпарат пен жалған ақпарат анықталмаса, әлеуметтік немесе саяси әрекеттегі қателіктер туындауы мүмкін.

Күнделікті өмірде деректерді тексеру «верификация» деп те аталады. Екі тұжырымдама да субъективті. «Фактчекинг» және «Верификация» ұғымдары ақпаратты, деректердің сенімділігі мен объективтілігін әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы анықтауды, ақпараттың кемшіліктерін тексер деген ұғымды береді. Қазіргі журналистің негізгі міндеттерінің бірі – жалған ақпаратты анықтау, ақпараттың шынайылығын тексеру және тұтынушыға жеткізу. Жоғарыда аталған

қазақстандық Factcheck.kz және stopfake.kz сайттары әлемдегі жалған зерттеулерге арналған ресурстар тізіміне енгізілген, өйткені бұл жобалардың ортақ әдістері біршама оң нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Бұл жобалар бүгінгі таңда журналистік тексеру (журналистік зерттеу) ұғымдарымен қатар танылып жүр. Себебі, барлығына тән тексеру, анықтау жұмыстары ортақ құрылымдық элементтерден тұрады. Әсіресе, батыс елдерінде соның ішінде украиналық медиа алаңында журналистік зерттеу түрінде жылдам дамып отырғанын анық байқауға болады.

Қорыта келгенде, жалған ақпараттармен жұмыс жүргізетін жобалар төмендегідей мүмкіндіктерге ие:

– Кез-келген фактчекинг ресурстары ақпараттарды тексеру, журналистік зерттеу жүргізу мақсатында шетелдік және отандық түрлі ақпараттық, сараптамалық құрылымдардың мамандарынан кеңес алуға, халықаралық ұйымдар мен сарапшылардан тұратын сарапшы топ құруға құқылы.

– Фактчекинг жобалары жұмыс барысында жинақталған ақпараттардан түрлі ақпараттық хабарлама тарата алады.

Әдебиеттер

- Brooks M. Helping kids be safe, confident explorers of the online world [Электронный ресурс]. URL: https://beinternetawesome.withgoogle.com/en_us (дата обращения: 06.10.2020).
- Гороховский А. Фактчекинг журналистика зерттеуінің тренді: мүмкіндігі мен болашағы: Практикалық оқу құралы. – Алматы, 2017. – 312 с.
- Diakopoulos N. Algorithmic accountability // Digital Journalism. 2014. № 3 (3). P. 398–415.
- De Code van de Raad voor de Journalistiek [Электронный ресурс]. URL: <http://www.rvdj.be/sites/default/files/pdf/journalistieke-code.pdf> (дата обращения: 15.11.2020).
- Elizabeth J., Mantzarlis A. The Fact Is, Fact-Checking Can Be Better [Электронный ресурс] // Poynter. 07.07.2016. URL: <https://www.poynter.org/fact-checking/2016/the-fact-is-fact-checking-can-be-better/> (дата обращения: 20.10.2020).
- Ильченко С.Н. Фейковая журналистика как элемент современной шоу-цивилизации // Журналистика цифровой эпохи: как меняется профессия: материалы меж-дунар. Науч.-практ.конф. (Екатеринбург, 14-15 апреля 2016 г.). Екатеринбург:Изд-воУФУ, 2016. – С.110-112.
- Ильченко С. Н. Как нас обманывают СМИ. Манипуляция информацией. СПб.:Пи-тер, 2019. – 320 с.
- Корнев М.С. Фактчекинг: 5 надежных способов проверить информацию // Журналист, 2015, №5. – с.54-56.
- Collins Dictionary: fake news. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/fake-news> (дата обращения: 07.12.2020).
- Минюшева И.Ф. Основные тренды в развитии медиа 2016 // Российскаф наука и образование сегодня: проблемы и перспективы. 2016.№3 (10), – С.33-35.
- Пономарев Н. Ф. Фейковые новости в информационной войне // Филология в XXI веке. 2019 №2 (4) С.54-64.
- Распопова Е.С., Богдан Е.Н. Фейковые новости: Информационная мистификация. учеб.пособие: Москва: Аспект Пресс, 2018. – 112 с.
- Стернин И.А., Шестерина А. М. Маркеры фейка в медиатекстах. Воронеж: Ритм, 2020. – 136 с.
- Суходолов А.П., Бычкова А.М.«Фейковые новости» как феномен современного медиапространства: понятие, виды, назначение, меры противодействия // Вопросы теории и практики журналистики. – 2017. Т6. №2. – С.143-168.
- Raad voor de Journalistiek [Электронный ресурс]. URL: <https://www.rvdj.nl> (дата обращения: 15.11.20).
- Фейк ақпарат: отандық және әлемдік тәжірибе, медиасауаттылықты арттыру мен жазалау шаралары. https://www.inform.kz/kz/feyk-akparat-otandyk-zhane-alemdik-tazhiribe-mediasauattylykty-arttyru-men-zhazalau-sharalary_a3896221 (7.02.2022.)
- <https://factcheck.kz/glavnoe/top-10-samyx-chitaemyx-materialov-factcheck-kz-2022-goda/> (дата обращения: 31.12.2022).
- <https://factcheck.kz/>
- <https://stopfake.kz/kk/>

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>
<https://kazbilim.kz/?p=3799>

References

- Brooks M. Helping kids be safe, confident explorers of the online world [Elektronnyj resurs]. URL: https://beinternetawesome.withgoogle.com/en_us (data obrashcheniya: 06.10.2020).
- Gorohovskij A. (2017) Faktcheking zhurnalistika zertteuiniң trendi: mўmkindigi men bolashary: Praktikalық оқу қўралы [Trends in Fact-Checking Journalism Research: Opportunities and Prospects: A Practical Study Guide]. – Almaty, 2017. – 312 s.
- Diakopoulos N. Algorithmic accountability // Digital Journalism. 2014. № 3 (3). P. 398–415.
- Elizabeth J., Mantzarlis A. The Fact Is, Fact-Checking Can Be Better [Elektronnyj resurs] // Poynter. 07.07.2016. URL: <https://www.poynter.org/fact-checking/2016/the-fact-is-fact-checking-can-be-better/> (data obrashcheniya: 20.10.2020).
- De Code van de Raad voor de Journalistiek [Elektronnyj resurs]. URL: <http://www.rvdj.be/sites/default/files/pdf/journalistieke-code.pdf> (data obrashcheniya: 15.11.2020).
- Il'chenko S.N.(2016) Fejkovaya zhurnalistika kak element sovremennoj shou-civilizacii// Zhurnalistika cifrovoj epohi: kak menyaetsya professiya: materialy mezhdunar. Nauch-prakt.konf. (Ekaterinburg, 14-15 aprelya 2016g.) [Fake journalism as an element of modern show-civilization // Journalism of the digital age: how the profession is changing: materials of the international. Scientific-practical conf. (Yekaterinburg, April 14-15, 2016)]. Ekaterinburg:Izd-voUFU, 2016. – s.110-112.
- Il'chenko S. N.(2019) Kak nas obmanyvayut SMI. Manipulyaciya informaciej [How the media deceives us. Information manipulation]. SPb.:Pi-ter, 2019. – 320 s.
- Kornev M.S. (2015). Faktcheking: 5 nadezhnyh sposobov proverit' informaciyu [Fact-Checking: 5 Reliable Ways to Verify Information]. Zhurnalist, 2015, №5. – s.54-56.
- Collins Dictionary: fake news. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/fake-news> (data obrashcheniya: 07.12.2020).
- Minyusheva I.F. (2016). Osnovnye trendy v razvitii media 2016 [Main trends in media development 2016]. Rossijskaf nauka i obrazovanie segodnya: problemy i perspektivy. 2016, №3 (10), – s.33-35.
- Ponomarev N. F.(2019) Fejkovye novosti v informacionnoj vojne // Filologiya v XXI veke [Fake news in the information war // Philology in the XXI century]. – 2019. №2 (4) s.54-64.
- Raspopova E.S., Bogdan E.N. (2018) Fejkovye novosti: Informacionnaya mistifikaciya [Fake News: Information hoax]. ucheb. posobie: Moskva: Aspekt Press, 2018. – 112 s.
- Sternin I.A., Shesterina A.M. (2020). Markery fejka v mediatekstah [Fake markers in media texts]. Voronezh: Ritm, 2020. – 136 s.
- Suhodolov A.P., Bychkova A.M. (2017). «Fejkovye novosti» kak fenomen sovremennogo mediaprostranstva: ponyatie, vidy, naznachenie, mery protivodejstviya [«Fake news» as a phenomenon of modern media space: concept, types, purpose, countermeasures]. Voprosy teorii i praktiki zhurnalistiki. – 2017. T6. №2. – s.143-168.
- Raad voor de Journalistiek [Elektronnyj resurs]. URL: <https://www.rvdj.nl> (data obrashcheniya: 15.11.20).
- Fejk akparat: otandyk zhane alemdik tazhirbie, mediasauattylykty arttyru men zhazalau sharalary.https://www.inform.kz/kz/fejk-akparat-otandyk-zhane-alemdik-tazhirbie-mediasauattylykty-arttyru-men-zhazalau-sharalary_a3896221 (7.02.2022.)
<https://factcheck.kz/glavnoe/top-10-samyx-chitaemyx-materialov-factcheck-kz-2022-goda/> (data obrashcheniya: 31.12.2022).
<https://factcheck.kz/>
<https://stopfake.kz/kk/>
<https://kk.wikipedia.org/wiki/>
<https://kazbilim.kz/?p=3799>